



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

4. Правосудие в отношении несовершеннолетних в Центральной Азии. Региональный офис ЮНИСЕФ по странам ЦВЕ/СНГ. Женева. 2012.
5. Айкенова Д.М Государственная политика по защите прав детей в Казахстане. Диссертация. Астана 2014 г.

УДК 32

ШЕТЕЛДІК МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫН ЗЕРТТЕУ ЛОГИКАСЫ

Жумабекова Д.А.

zhumabekovadana7@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
саясаттану мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: доцент, PhD, Рыстина И.С.

Білім беру саясаты ұғымының мәні - қоғамдағы білім саясатын жүзеге асыру қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған өзекті іс-әрекеттер жиынтығы болып табылады, олардың арасында аса атап кетуге тұрарлықтары:

- Ұдайы дамып келе жатқан әлеуеті зор қоғам;
- Білім алудағы әр-түрлі құқықтар мен сұраныстарды қанағаттандырудағы қоғам;
- Өзін-өзі дамыту механизмдерін құрастырудағы бөлек әлеуметтік институттар.

Білім беру саясаты келесіден тұрады:

- Мемлекеттік және мемлекет аралық контекст;
- Білім саласындағы аймақтық және ведомстволық билік органдарының қызметі;
- Әртүрлі білім беру институттарының желілік байланысы;
- Білім беру ұйымдарын дамуы үшін стратегияларды құрастыру және оларды жүзеге асыру.

Алайда, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымда және білім беру тәжірбиесінде “саясат” пен “білім” терминдері кең мағынада қарастырылғанына қарамастан, “білім беру саласындағы саясат”, “білім беру саласындағы мемлекеттік саясат” және “білім беру саясаты” деген ұғымды түсіндіруде мағыналары әртүрлі, бір-біріне ұқсамайтын анықтамалар бар.

“Білім беру саясаты” ұғымының мазмұнын ашуда білім беру саясаты мәселесі бойынша Э.Д. Днепров [1], О.Н. Смолин [2], И.Д. Фрумин [3] жетекші эксперттерінің және қазақстандық А.К. Кусаинов [4], Ы.А. Наби [5], Р.А. Нуртазина [6], А.А. Нурмаганбетов [7] және т.б. ғалымдарының еңбектеріне анализ жасалынды. Дереккөздерге жасалған теоретикалық анализ бір-біріне ұқсас түсініктерді “саясат” және “білім беру”, “мемлекеттік саясат” және “білім беру саласындағы саясат” ажыратуға мүмкіндік берді.

О.Н. Смолин, білім беру саласындағы саясатты функционалдық анализ тұрғысынан қарастыра отырып, саяси топтың білім беру жүйесіне әрер етуінің негізгі үш функциясын атап көрсетеді: 1) білім беру сапасын бақылау, 2) білім берудің мазмұнын және процедураларын бақылау, 3) жоғары оқу орын субъектісінің саяси және әлеуметтік іс-әрекеттерінің масштабына бақылау[2, 236.]. Білім беру жүйесіндегі формальді және формальді емес құралдарды- мерзімдік баспалар, радио, телекөрсетілімдер және интернет-қолданатын саяси элитаның белгілі-бір мақсатқа жету жолында қолданылатын маңызды құрал болып білім беру жүйесі саналып келе жатыр. Өз кезегінде, білім жүйесі қоғамның саяси өмірге жоғары білімді кадрларды дайындау арқылы әсер етеді.

Қазақстандық ғалым А.А. Нурмаганбетов “білім беру саласындағы саясат” ұғымын көрсетіп, оны білім беру жүйесіне кірмейтін саясат субъектілерінің білім беруді бақылау деңгейі мен әсер ету деңгейін анықтау үшін қолданды. Ол, білім беруді басқару әлемдік тәжірбиеде қоғамдық- саяси өмірдегі оқиғаларға анализжасау және эксперттік сауалдар

жүргізу, яғни кері байланыс арқылы жүзеге асатындығын атап айтқан. Автор “білім беру саясат” ұғымына нақты түсінік бермесе де, оның негізгі қасиеттерін- білім беруді дамыту жолында жасалатын ұлттық доктринада немесе концепцияда саясаттың басқа субъектілерінің қажеттіліктерін ескеру керек екендігін көрсетеді[7, 356].

Жалпы мемлекеттік саясат, нақтырақ айтсақ, “мемлекеттік білім беру саясаты” бір жағынан адамдардың (жеке тұлғалардың) және ұйымдардың (заңды тұлға) іс-әрекетінің шегін белгілейді, таңдауға мүмкін болатын іс- әрекет түрлерінің жиынтығын анықтайды. Екінші жағынан, ол сол немесе басқа вариантты қоғамдық үдеріске қатысушылардың көпшілігі қолдауы арқылы осы қатысушылардың іс-әрекетінде басым бағыттаушы болып кетуі мүмкіндігін де жоқтамайды.

“Білім беру саясатының” мәнін анықтауда әртүрлі көзқарастар бар. Сонымен, И.Д. Фрумин шешім қабылдау мен олардың жүзеге асуын мемлекет пен аймақтардың және әлеуметтік- саяси аренадағы басқа да “ойыншылардың” мүдделерінің әрекеттесуі контекстінде қарастырады[3, 166]. Р.А. Нуртазина білім беру саясатына келесідей анықтама береді: білім беру жүйесіне кірмейтін мемлекеттік саясаткерлер мен басқа да қоғамдық институттар қолданып білім беруге жасайтын бақылау мен әсер ету деңгейі [6, 346]. О.Н. Смолин білім беру саясатын білім берудің негізгі функциясын, яғни тұлғалардың белгілі бір типін (типтерін), қоғамның кадрлық потенциалын ұдайы қалыптастыру және мемлекеттік құндылықтардың қабылданған жүйесіне сәйкес азаматтарды тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін экономикалық, институционалдық және рухани-идеологиялық жағдай жасайтын мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағытының бірі ретінде қарастырды[2,246].

Білім беру саясатының маңызын қарастыруда зерттеуші әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар бірнеше аспектілерді талқылауға ұсынады. Біріншіден, стратегияға қатысты барлық саясат екінші орында. Егер қалыптасқан стратегиялар болмаса, саясат нөкерге айналады: шиеленістер мен қарсылықтар немесе, керісінше, кооперация. Екіншіден, білім беру саясатының әртүрлі типтері бар. Оған білім беру саласында мемлекеттің кейбір іс-әрекеттерінен тұратын, қатаң айтқанда, саясат болып табылмайтын, мемлекеттік білім беру саясаты[8].

“Білім беру саясаты” ұғымын түсіндіруде “Politics” (білім беру саласында саяси топ мүдделерінің әрекеттесуі) және “Policy” (қойылған мақсатқа жету жолдары мен стратегияларды анықтау) терминдерінің айырмашылығын түсініп алу өте маңызды.

Көбінесе білім беру саясаты келесідей аспектілерде қарастырылады:

- Гуманитарлық технологиялар классына жататын, яғни бірінші кезекте әртүрлі мазмұндағы коммуникативті ортаны қамтамасыз ететін, стратегиялық басқару құралы ретінде [9];
- Қоғамдық сананы қалыптастыруға бағытталған саясат ретінде [10];
- Адамның құқығы мен бостандығын қамтамасыз етудегі фундаменталды құралы, қоғамның гуманизмі, мәдениеттің өсуі, яғни мемлекеттік саясаттың маңызды құраушысы ретінде;

Жоғарыдағы айтылғандарды ескере отырып, білім беру саясаты бір жағынан, сол немесе басқа да білім ресурстары, сонымен қатар, осы плацдармдағы позиция үшін бір-бірімен күрес, екінші жағынан, білім беру саясатының барлық субъектілерінің мүдделерін ескеру, яғни білім беру кеңістігінде жұмыс істейтін әртүрлі субъекті мүдделерінің плацдармасы деуге болады.

Әртүрлі тарихи кезеңдерді ескерсек, кез-келген қоғамның дамуында саясаттанған білім жүйесінің орны болған. Саясаттанушы Томмас Мюррейдің айтуы бойынша: “білім беру саласындағы жұмысшылар арасында өзінің қарым-қатынасын бақылау деген тенденция бар және көптеген қоғамда олар айтарлықтай деңгейде жетістікке жетті. Әдетте, білім беру саясаты білімді элитаға бағытталған және өзінің “төмен байқалатын”, “әсер ету типімен” сипатталатын ойын болып табылатын” [11]. Саясаттану деңгейі әртүрлі білім беру процесстерінде өзгеріп отырады.

Ұлттық білім беру жүйесінің даму жетістігінің көрсеткішін халықаралық рейтингтегі

мемлекеттің позициясы анықтайды. Сонымен қатар, ұлттық білім беру жүйесінің жетекші позициялары келесі көрсеткіштер бойынша анықталады:

1. Халықаралық қоғамдастықта білім беру қызметінің экспорты ұлттық білім беру жүйесінің беделін көрсетеді [12].
2. Әлем университеттерінің халықаралық рейтингтері [13].
3. ЖОО-ның фундаменті болып табылатын, орта мектептер деңгейіндегі білім беру жағдайын халықаралық білім сапасын зерттейтін PISA [14].
4. Жоғары білімнің колжетімділігі және оны алудағы қаржыландыру мүмкіндіктері [15].
5. Дистанциондық оқулардың ауқымы.

Жоғарыда көрсетілген салаларды қарастырғанда, жетекші позициялар халықты жоғары деңгейде біліммен қамтамасыз ететін және білім берудің жоғары индекске ие мемлекеттер алатыны анық.

Білім беру саласының сапасын анықтау статистикасы әдетте келесідей позициялардан шығатындығы белгілі:

- Мемлекеттегі халықтың жоғары біліммен қамтамасыз етілуінің деңгейін анықтау үшін үлкен жастағы (25-64жас) жоғары білімі барлар мен ЖОО студенттерінің үлестері ескеріледі;
- Мемлекеттің халқының білімдік потенциалымен білім беру индексі сипатталады;
- Жоғары оқу орындарындағы студенттердің саны арқылы мемлекетте жоғары оқудың даму масштабын анықтауға болады.

Соңғы жылдарда халықаралық рейтингтер бойынша лидерлер: АҚШ, Англия, Германия, Франция білім беру қызметтерінің экспорты бойынша; АҚШ, Англия- әлем университеттерінің халықаралық рейтингісі бойынша [16], Финляндия, Корея, Япония- PISA зерттеулеріндегі құрылымдық сауаттылық бойынша [17], Қытай мен АҚШ- дистанциондық білім беруді дамытудағы масштабы бойынша, Қытай мен Ресей- жоғары білімі бар студенттер санының өсу динамикасы бойынша алдыңғы орындарды алуда [18].

Сонымен қатар, білім беру саласында мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы әртүрлі білім саясатын анализ жасауға мүмкіндік беретін түрлі дерек көз де бар:

- Мемлекеттің білім саласындағы заңнамалық-құқықтық құжаттар;
- Дипломаттық сипаттамадағы құжаттар: екі жақтық немесе көп жақтық келісімдер мен конвенциялар;
- Бұқаралық ақпарат құралдары;
- Интернет-ресурстар;

Шетелдік тәжірибеде білім беру саясаты барлық субъектілермен белсенді диалог режимінде жұмыс істеуді жөн көреді және олардың өкілдіктерін нақты үлестіріп, координациялаған. Осыған орай, тек қана баланстағы білім жүйесі мемлекеттің де, халықтың да, қоғамның да, заманның да сұрауын, қажеттіліктерін қамтамасыз ете алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Днепров Э.Д. Образование и политика. В 2т.-М., 2006.-520с.
2. Смолин О.Н. Образование- для всех. Философия. Экономика. Политика. Законодательство. М.: ТК Вебли, Изд-во «Проспект», 2006.-416 с.
3. Фрумин И.Д. Образовательная политика: практика анализа: Учебно-методический комплекс. –М.: МВСЭН, 2005.-58с.
4. Кусаинов А. Развитие образование: проблемы и перспективы. –Алматы: Изд-во ROND&A, 2005.- 280с.
5. Наби Ы.А. Методические рекомендации по внедрению инновационных технологий обучения и организации тренинг- центра. – Алматы: Агроуниверситет, 2007.-68с. (в соавторстве)
6. Нуртазина Р.А. Образовательная политика Республики Казахстан в условиях глобализации: Дисс.... Докт.полит.наук.- Алматы, 2005-277с.

7. Нурмаганбетов А.А. Образовательная политика Республики Казахстан в контексте трансформации системы высшего образования – Алматы: Қазақ университеті, 2002.- 376с.
8. Лямец В.И., Тевяшев А.Д. Системный анализ. –Харьков: ХТУРЭ, 1998.- 252с.
9. Нейматов Я.М. Образование в XXIвеке: тенденции и прогнозы. –М.: Изд-во Алгоритм, 2002- 480с.
10. Попов А.А. Я бы хотел что бы образ будущего был всегда. –М.: 2010. – 43-51с.\
11. Шаран П. Сравнительная политология. –М., 1992.
12. Bohm, Davis, Meares and Pearce. Global student mobility 2025: Forecasts of the Global Demand for international higher education.
http://www.aies.idp.com/PDF/bohm_2025Media_p.pdf
13. Times Higher Education Supplement 2007 <http://www.thes.co.uk/>
14. PISA 2015: Science Competencies for Tomorrow's world.
15. Usher, A. &Cervanan, A.Global Higher Education Rankings 2005. Toronto: Education policy institute, 2005.
16. Карпенко О.М., Бершадская М.Д. Вознесенская Ю.А. Международные рейтинги университетов: результаты и перспективы.// плановое образование. –№1-2. –с. 22-29;
17. Карпенко О.М., Бершадская М.Д. Вознесенская Ю.А. Международное исследование PISAи проблемы развития высшего образования –С. 38-47.
18. Карпенко О.М., Бершадская М.Д., Гадрани Л.А. Дистанционное образование в странах мира: масштабный фактор. Изд-во СГУ, 2008. –С.11-39

УДК 32

ӘЛЕМДІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕДИАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Жұмамұратов Наурызбек

nauryzbek_11_xx@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Саясаттану мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі- Ph.D доктор Д.Е.Копежанова

Қазіргі таңда әлем елдерінің арасында тұрақсыздық орнады. Мемлекеттер арасындағы дау-жанжалдар саны артып барады. Шығыс Азиядағы, Корея түбегіндегі қақтығыстар, Африка және Украина т.б. конфликтер оған мысал бола алады. Осы конфликтерді шешу үшін әлем елдері белсенді әрекеттер жасап жатыр. Солардың арасында еліміз Қазақстанда бар. Қызық, әлемдік дауларды шешуде Қазақстанның медиаторлық қызметі қандай? Мен осы сұраққа жауап беруге тырысамын.

Алдымен медиацияға анықтама беріп өтейін. Медиация (лат. mediare – делдалдық ету) – жанжалдарды соттың қатысуынсыз, үшінші бейтарап жақ- медиатордың (делдал) көмегімен шешу формасы[1].

Медиатор әрқашан да бейтараптық пен тәуелсіздікті сақтап қалады. Ол дауласушылардың қайсысы кінәлі екендігін анықтамайды, шешім қабылдауда өзіне жауапкершілік алмайды. Мұның орнына медиатор, дауласушы тараптардың көздеген мүдделерін анықтауға және олар үшін өзара қолайлы және әділ келісімге келуге көмектесу тұрғысында жұмыс жасайды.

Медиатордың ең алғашқы міндеті – тараптарға өз талаптары мен мүдделерін тұжырымдауға итермелеу арқылы пікірталас жүргізуге және оларға қақтығыстан шығу жағдайының өзара тиімді және орындалатындай мүмкіндіктерін бағалауға көмектесу болып табылады. Медиацияда – тараптар өз мүдделерін анықтай отырып, шешімдерін ұсынып және басқа тараптардың ұсыныстарын бағалай отырып белсенді рөл атқарады. Тараптар медиатор